

**Е.Б. Кайранов<sup>1</sup>, С.К. Байсынов<sup>2</sup>, М.С. Жунисбаев<sup>3</sup>**

(<sup>1</sup>Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті,  
философия докторы (PhD),

<sup>2</sup>Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,  
6М041500-«Мүсін» мамандығы 2-курс магистранты,

<sup>3</sup>Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының профессоры,  
Алматы қ.)

## **ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗАМАНАУИ МОНУМЕНТАЛДЫ МҮСІНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ РУХ САБАҚТАСТЫҒЫ (Х.И. Наурызбаев туындылары негізінде)**

***Аңдатпа.** Мақалада тұңғыш қазақ кәсіби мүсіншісі Х. Наурызбаевтың ХХ ғасырдың екінші жартысында қоғамдық ортада орнатылған ескерткіштерін талдау арқылы Қазақстанның заманауи монументалды мүсініндегі ұлттық рух сабақтастығы зерттеледі. Отандық монументалды мүсін өнерінің негізін қалаушысы болып келетін атақты мүсіншінің ескерткіштеріндегі тарихи тұлғалардың шынайы ұлттық болмысы кейінгі буын мүсіншілерге канондық үлгі ретінде қызмет атқарғандығы сарапталады. Соның ішінде, Абай Құнанбайұлы мен Жамбыл Жабайұлы сияқты ұлы тұлғаларға арналған Х. Наурызбаев пен басқа да отандық мүсіншілердің монументалды ескерткіштеріне салыстыру жүргізіліп, көркемдік бейнелердің түпнұсқалық сипаты анықталады. Мақала Абай Құнанбайұлының 175-жылдық мерейтойына орай және ұлы ақынның алғашқы монументалды ескерткішінің авторы Х. Наурызбаевтың 95-жылдығына арналады.*

***Түйін сөздер:** тұңғыш қазақ кәсіби мүсіншісі, монументалды мүсін, ұлттық рух, сабақтастық, тарихи тұлғалар, шығармашылық туынды, ескерткіш.*

Бүгінгі күні Тәуелсіз Қазақстанда монументалды өнердің дамуы әлемдік интеграцияға сәйкес жаңа толқында жүзеге асуда. Батыс Еуропаның сәулет өнерінде үлкен сұранысқа ие болған монументалды өнер қазақстандық өнерде де өз орнын тауып, кез келген өнер бағыты сияқты әлі де даму үстінде. Еуропада монументалды өнер ежелден дамығандығын білеміз. Қазақстанда ХХ ғасырдағы кеңестік кезеңнен бері монументалды өнерге назар аударылып, кәсіби тұрғыда өз заманының талабына сәйкес дамыды. Сөйтіп, заманауи қоғамдағы көркемдік ортаның қалыптасуына үлкен септігін тигізді. Бұл өнер саласы біздің елімізде аз зерттелген. Әлемдік бейнелеу өнерінің тарихында монументалды өнердің дамуы биік жетістіктерге жетіп өз басына бөлек өнер саласы болып қалыптасты. Мыңдаған тәжірибелерден өтіп, әр заманның технологиялық жетістіктеріне сәйкес бірқатар мектептер қалыптастырды. Сондықтан Еуропа мен Ресей мүсін өнеріндегі сабақтастық пен зерттеулерінің жетістіктерін пайдаланып, заманауи Қазақстанда да монументалды мүсін өнерінің ғылыми зерттеу базасын қалыптастыру қажеттілігін басты назарда ұстауымыз керек. Себебі бүгінгі ХХІ ғасырдың басында заманауи отандық мемлекеттік бағдарламалар мен халықаралық жоба

шеңберінде көптеген мәдени сұраныстармен қатар жана мүмкіндіктер де ашылды. Ал, қоғамдық ортада орнатылып, мемлекет тарихы мен халықтың салт-дәстүрін, ұлттық ерекшелікті бейнелейтін монументалды мүсін өнерінің әлеуеті өте зор. Техникасы мен технология жағынан жоғары деңгейге жеткен кәсіби монументалды өнер Еуропа мен Ресей тәжірибесінен, әсіресе кеңестік кезеңде социалистік мазмұнымен қоғамдық ортада аса биік шыңдарға жеткендігі белгілі.

Қазақ монументалды мүсін өнерінің негізін қалаушы, Қазақ КСР-нің халық суретшісі, «Парасат» орденінің кавалері Хакімжан Исмаханұлы Наурызбаев 1925-2009 жылдар аралығында өмір сүріп, шығармашылық еңбегінің нәтижесінде 300-ден астам туындысын еліне мұра етіп қалдырды. Солардың ішінде, монументалды мүсіндерінен ең танымалдары: «Абай Құнанбаев» (1960 ж.), «Ш.Уәлиханов» (1969 ж.) және «Ж. Жабаев» ескерткіштері болып келеді. 2001 жылы шыққан «Қазақстан бейнелеу өнері. XX ғасыр» [1, 158 б.] альбомында белгілендей, 1950-ші жылдардан бастап, еңбектене бастаған алғашқы мүсіншілердің бірі, қазақтың тұңғыш кәсіби мүсіншісі Хакімжан Наурызбаев өзінің табиғи дарындылығы мен еңбекқорлығының арқасында, шығармашылық өмірінің соңына дейін қазақтың алғашқы суретшісі Әбілхан Қастеев сияқты, туған елінің мәдениетін өркендетуге тынбай еңбек еткенін көптеген қысқаша жариялым үзінділерінен білеміз.

2017 жылғы Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.А. Назарбаевтың «Рухани жаңғыру – болашаққа бағдар» мақаласына байланысты қабылданған «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» мемлекеттік жобасына сәйкес осындай дара тұлғаларды елімізде ғана емес, шетелде де таныстыру мақсатында насихат жасау қажеттілігі өзекті болып келеді. Және де, 2018 жылы осы мақаланың жалғасы болып жарияланған «Ұлы даланың 7 қыры» бағдарламалық мақаласындағы – «Тарихи сананы жаңғырту» тарауының «Ұлы даланың ұлы есімдері» тараушасында – «...атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек. Екіншіден, мақсатты мемлекеттік тапсырыс ұйымдастыру арқылы қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажет» [2] – делінген. Осы мақсаттарға сәйкес қазақтың алғашқы суретшісі Ә. Қастеевтің еңбектері кеңінен насихатталуы сияқты, қазақтың тұңғыш кәсіби мүсіншісі Х. Наурызбаевтың да еңбектерін насихаттау өзекті. Себебі Қазақстанның қоғамдық ортасында өткен ғасырдың екінші жартысында монументалды ескерткіштердің алғашқылары болып келетін оның туындылары қазіргі XXI ғасырдағы жаһандану дәуірінде еліміздегі классикалық өнерге айналып, үлгі ретінде жаңа көзқараспен зерттеу маңызды болып келеді. Сонда тәуелсіздік кезеңінде тұрғызылған ескерткіштерді ғана емес, сонымен қатар, кеңестік кезеңдегі ұлттық қайраткерлердің ұмыт болып бара жатқан осындай монументалды ескерткіштері, заманауи жас ұрпақтарға терең тарихымыздың бір көрінісі ретінде де еске түсірген абзал. Бұл ретте Қазақстандағы өткен ғасырдың

екінші жартысында алғашқы монументалды ескерткіштердің авторы болған және ұлттық мүсін мектебін қалыптастырушы Х. Наурызбаевтың туындыларын ұлттық рух сабақтастығы тұрғысынан зерделеу осы мақаланың өзектілігін айқындайды.

Жалпы Қазақстан бейнелеу өнерінің тарихи тұлғасы Х. Наурызбаевтың тікелей шығармашылығы мен ұстаздық еңбек жолы жөнінде өнертанушы ғалымдардың арнайы іргелі немесе қолданбалы ғылыми еңбектері, және де, диссертациялық зерттеулер кітапханаларда кездеспесе де, мүсіншінің кейбір туындылары туралы жазылған сипаттамалар басқа мүсіншілер мен суретшілердің шығармалары туралы топтамаларда кездеседі. Соның ішінде, кеңестік кезеңінде жарияланған: С.Б. Кумарованың «Резцом ваятеля для народных университетов культуры» ғылыми басылымы (1974 ж.), Г.А. Сарыкулованың «Выставка работ Художников Казахстана» каталогы (1977 ж.), В.П. Толстойдың «Монументальное искусство СССР» альбомы (1978 ж.), М.Л. Бодрованың «Выставка произведений художников Казахстана. А. Степанов, Н. Гаев, Х. Наурызбаев» каталогы (1983 ж.), Г. Елеуенованың «Қазақстан бейнелеу өнерінің шеберлері Х. Наурызбаев» альбомы (1987 ж.), С.А. Беккулованың «Основные тенденции развития изобразительного искусства Казахстана. Скульптура и графика. 1960-1980 гг.» кандидаттық диссертациясы (1988 ж.), Н. Вулдың «Монументальное искусство Казахстана» альбомы (1989 ж.), Р.А. Ерғалиеваның «Экстаз и медитация в казахской скульптуре» мақаласы (1990 ж.) бар. Ал тәуелсіздік кезеңдегі жариялымдар арасынан: К.В. Лидің кіріспесі жазылған «Қазақстан бейнелеу өнері. XX ғасыр» фотоальбомы (2001 ж.), Р.А. Ерғалиеваның «100 шедевров искусства Казахстана» тақырыбындағы «История казахского искусства» 3-томдық ғылыми басылымның II-томы (2009 ж.), Б. Барманкулованың «Живопись. Графика. Скульптура» тақырыбындағы «История искусств Казахстана» 3-томдық ғылыми басылымның III-томы (2011 ж.), Б.Р. Қарабалаеваның «Қазіргі заманғы Қазақстан монументалды мүсін өнері (1990-2010 жж.)» тақырыбындағы магистерлік диссертациясы (2011 ж.), Е.Б. Кайрановтың «Традиции и новаторство в монументальном современном искусстве (сравнительно-сопоставительный анализ искусства Казахстана и Америки)» тақырыбындағы (PhD) докторлық диссертациясы (2012 ж.), Э.Р. Ахметованың «Мүсін. – Монументальді сәндік өнер» тақырыбындағы «Қазақ өнері» 5-томдық альбомының III томы (2013 ж.), Э.Р. Ахметованың «Основные направления развития скульптуры Казахстана второй половины XX – начала XXI века» кандидаттық диссертациясы (2015 ж.) сияқты зерттеулерден Х. Наурызбаевтың басқа мүсіншілермен бірге туындыларының сипаттаулары туралы ақпараттар табуға болады.

Және де, бұқаралық ақпарат құралдарында Х. Наурызбаевтың жеке сұхбаттарынан қалыптасқан дереккөздер құндылығы мол төмендегідей бірнеше жариялымдар баршылық. Атап айтсақ, А. Қазанғаптың «Абай ескерткіші қасындағы ой (немесе қазақтың тұңғыш кәсіби мүсіншісі жайлы бірер сөз)» (2010 ж.), Б. Сұлтанқызының «Ұзынкөлде Хәкімжан Наурызбаев көшесі бар» (2010 ж.), Е. Шайхыұлының «Хәкімжан Наурызбаев: Абайдың ескерткішін алып тастауға

дейін барды» (2014 ж.), Ж. Аязбековтың «Хакімжан Наурызбаев – асқақ дарын, дара тұлға. Мүсінші Т.Бинашевпен сұхбат» (2014 ж.), Ж. Аязбековтың «Тұңғыш мүсіншінің мүсіні жоқ» (2014 ж.), М. Жақыптың «Ізашар» мен «Мүсінші Хакімжан Наурызбаев» (2015 ж.), З. Глеубердинаның «Мухтар Ауэзов меня сильно отругал». Воспоминания о жизни скульптора Х. Наурызбаева»» (2019 ж.), Г.М. Каратаеваның «Бронзовый Абай» Хакимжана Наурызбаева»» (2019 ж.), Ю. Каштелюктің «Абай его жизни» (2020 ж.), сияқты басқа да көптеген заманауи мақалалар тұңғыш қазақ мүсіншінің қоғамға сіңірген еңбегін көпшілік қауымға мүмкіндігінше жеткізіп асқақтатуда. Сонымен қатар, Мемлекеттік Орталық Архивінде сақтаулы тұрған Х. Наурызбаевтың мүсін өнері мектебін ашуға байланысты және басқа да өмірлік мәліметтері құнды жәдігер болып табылады.

Дегенмен, әзірге Х. Наурызбаевтың шығармашылығы жайлы арнайы ғылыми зерттеулерден 1987 жылы жарияланған отандық өнертанушы-ғалым Г. Елеукевананың «Қазақстан бейнелеу өнерінің шеберлері. Хакімжан Наурызбаев» альбомы ғана өз заманының күрделі ғылыми еңбегі деп атай аламыз. Ол альбомда зерттеуші келесі тұжырымды сипаттамалар келтіреді: «Х. Наурызбаевтың творчествосы мүсіншінің өзінше даралығын сақтай отырып, бәрін парасатты сом мінезді, адамның рухани сұлулығын жырлауға, бағындыруға ұмтылысын дәлелдейді. Суреткердің өміршең реализімі өзінің дүние танымының, көркемдік мұраттарының тұрақтылығын көрсететін портреттік жанрда ерекше толық тұлғасымен көзге түсті. Ол қырық жыл бойы нәзік психологизммен, мінезді терең ашатын, автордың даралығын тайға таңба басқандай айқын көрсететін образдардың кең галереясын жасады» [3, 16 б.].

Жоғарыда аталған әдебиеттерді сараптай келе, мақаланың тақырыбына сәйкес Қазақстанның заманауи монументалды мүсініндегі ұлттық рух сабақтастығы бойынша Х. Наурызбаевтың негізгі туындыларын талдап, басқа отандық мүсіншілердің бірдей тақырыптағы туындыларымен салыстыру арқылы кейбір тұжырымдарға қол жеткізуге талпындық.

Х. Наурызбаев білімін шыңдап жүрген сәттен бастап халқымыздың ұлы тұлғаларының монументтерін жасауға өзіне мақсат қойған. Сөйтіп, тарихи тұлғалармен қатар қарапайым замандастарын, соның ішінде, металлург, шопан және диқаншылардың портреттерін де жасаған. Х. Наурызбаевтың жоғары сапалы кәсіби академиялық білімінің арқасында қазақ халқының танымал батырлары, ғалымдары, жазушыларының көптеген мүсіндері бүгінгі күні классикалық үлгіге айналып отыр деуге болады. Мүсіншінің жобасымен республикамыздың көптеген қалаларында монументалды ескерткіштері мен мүсіндік бюсттер 1950-1990 жылдар аралығында бой көтерген. Соның ішінде, атап айтсақ: «Н. Алдабергенов» бюсті (Алматы обл., 1959 ж.), «Абай» ескерткіші (Алматы қ., 1960 ж.), Амангелді Иманов ескерткіші (Қостанай обл., 1960 ж.), «Жамбыл» ескерткіші (Тараз қ., 1963 ж.), «Шоқан» ескерткіші (Алматы қ., 1969 ж.), «Жамбыл» бюсті (Алматы қ., 1971 ж.), «Мәншүк Мәметова» ескерткіші (Орал қ., 1988 ж.) және т.б.

Кез келген өнер түріне кәсіби көзқараспен қарау бұл саладағы басты ұстанымдардың бірі болып есептеледі. Мүсінші туындысы – мүсін. Бұл ретте монументалды мүсін өнерінде сұлбаның нақтылығы мен біртұтастылығы маңызды.

Сырт пішіні мен нақты бөлшектерін фактуралық тұрғыда өңдеу мүсіндік бейнедегі пластикалық шешімнің көркемдігін күшейте түседі. Мүсінші материалдың табиғи ерекшелігін пайдалана отырып, оны жобалаған туындының мазмұнына байланысты таңдайды. Дәл осы ұстанымды қатаң ұстанған Х. Наурызбаев дүниеге Абай, Жамбыл сияқты ұлы тұлғалардың мүсінін кәсіби деңгейде жасап шықты. Х. Наурызбаевтың «Абай» монументалды мүсінін жасау барысында бірқатар ізденіс жасағаны белгілі. Мысалы, кеңесші болып тағайындалған М. Әуезовтың нұсқауымен мүсіншінің Абай туған ауылына барып, тұрғындары мен ұлы ақыннан тараған ұрпағын зерттеп зерделеу арқылы оның образын қалыптастыруы, немесе осы ескерткішті орналастыру барысында ыңғайлы жер таңдауы өз ісіне деген ерекше талғампаздық пен адалдық көрсеткендігі деп түсінеміз. Еске сала кету керек, ескерткіш орналастырған кезде Республика сарайы мен Арман кинотеатры болмаған болатын, тек Көктөбе таулары бар табиғи көрінісі болатын.

Қазақстан Президенті Н. Назарбаев пен Ресей Президенті В. Путин 2006 жыл Қазақстанда Пушкин жылы және Ресейде Абай жылы деп жариялаған болатын. Соның аясында, президенттердің екі жақтық келісімі бойынша екі елдің астаналарында ақындарға ескерткіштер орнатылды. Мәскеу қаласында Абай Құнанбайұлы ескерткіші қоладан жасалып, композиция бойынша қазақ ою-өрнегі бар тас тұғырда отырған ақынның мүсіні болып шешілген. Ескерткіштен басқа композицияның құрамына екі балбалтас кіреді. Авторлары мүсіншілер: М. Айнеков және С. Айнеков, құрастырушы: С. Фазылов, сәулетшілер: В. Романенко, Т. Сүлейменов (қазақстандық ұлттық теңге валютасының эскизін жасаушы), дизайнер: И. Поляков. Ескерткіштің идеялық сипатына келетін болсақ, балбал тастардың ортасында отырған Абай лирик ақын екенін түсінуге болады. Алайда, оның азаматтық поэзиясын бұл ескерткіштің өне бойынан табу өте қиын. Өмірдегі Абайдан гөрі оның әкесі болған қажы Құнанбайға әлдеқайда көбірек ұқсайды. Егер Х. Наурызбаевтың «Абай» (Алматы қ., 1960 ж.) және М. Айнековтың «Абай» (Мәскеу қ., 2006 ж.) ескерткіштерін салыстыратын болсақ, Х. Наурызбаевтың мүсіні әлдеқайда өмірдегі Абайға жақын. Х. Наурызбаев, ең алдымен, болашақ ізбасарларына монументалды мүсін өнерінің кәсіби нұсқасын көрсетті, мүсінші этикеті мен жауапкершілікті сезіну механизмін қалыптастырды.

Адам психикасының белгілі бір мезетін дәл тауып, соны қашап, мүсін етіп жасап шығу асқан шеберлікті талап етеді. «Х. Наурызбаевтың ұстанымы – ұлттық рухты жандандырып, ұлы тұлғаларды болашаққа таныстыру, сонымен қатар ой еркіндігіне ерік беріп, түрлі қиялдың ғажап тереңдігіне бой алдыра отырып жұмыс істеу. Әлбетте, пішіннің алатын орны ерекше, бірақ пішінді дәл анықтап, соған сәйкес шешуші, жетекші рөлді атқаратын мазмұнның маңызы зор екені белгілі. Халықтың айтар ойы мен жан-дүниесін кернеп жатқан сезімін сомдау арқылы тарихи маңызды көріністің болуы ерекше қадағалануы тиіс» [3, 18 б.].

Х. Наурызбаев мүсін өнеріне психологиялық көзқараспен қарауды ұсынды. Психологиялық ұғымдарды зерделеу арқылы пәнаралық байланыс ор-

натып, мүсін өнерін жаңа биікке көтерді. Х. Наурызбаев өмірге әкелген монументалды мүсіндерге байыппен зер салып талдау барысында мүсіннің өне бойынан автордың психологиялық күйі мен өзі жасап шыққан белгілі бір тұлға мүсінінің дәл сол мезеттегі түйіскен мінез-құлқының көрінісін байқауға болады. Мысалы, Х. Наурызбаев жасаған «Бала Жамбыл» мүсініндегі белгілі ақын Ж. Жабаевтың балалығы ғана емес, танымал мүсінші Х. Наурызбаевтың да балалық бейнесін, өсу жолын, балалық концептісінің астарында жатқан таным-түсінігін анық көруге болады. Бұл, әрине, мүсіншінің шеберлігін дәлелдейтін бірден-бір құбылыс. Жамбыл Жабаевтың мүсінін жасауда Х.Наурызбаев аса сабырлық пен ерекше ізденіс жасағаны туралы мүсіншінің берген сұхбаттарынан жақсы білеміз. Х. Наурызбаевтан кейін жасалған Жамбыл ескерткіштері ұлы мүсіншіні қайталау екеніне көзіміз жетеді. Сол үшін, әр ескерткішке жеке-жеке тоқталып өтсек:

1) «Тараз қаласында Жамбыл Жабаев атындағы алаңда 1961 жылы Жамбыл ескерткіші орнатылған. Ақын ұлттық киімде, сол қолына домбыра ұстап тұрған күйінде кескінделген. Мүсін мыс араластырылған шойын коспасынан құйылып, қола жалатылған. Тұғыры төрт бұрышты биік етіп жасалып, қызғылт гранит тақталармен қапталған. Мүсіннің биіктігі – 5 метр. Мүсінші – Х. Наурызбаев, сәулетшісі – В. Сощенко» [4];

2) «Алматы қаласындағы Жамбыл көшесі мен Достық даңғылы қиылысында Жамбылға арналған тағы да бір белгілі ескерткіш орналасқан. Бұл ескерткіш 1996 жылы Жамбыл Жабаевтың 150-жылдығын әлемдік деңгейде атап өту қарсаңында орнатылған. Ескерткіш мөлдір бұлақ жағасында қолына домбыра ұстап отырған ақын тұлғасын бейнелейді. Қоладан құйылған мүсіннің биіктігі – 3 м, тұғырының биіктігі – 1 метр. Мүсіншісі – Б. Абишев, сәулетшілері: С. Баймағамбетов, С. Фазылов, Т. Ерғалиев» [4].

3) 2008 жылы Ж. Жабаевқа Астанада (қазіргі Нұр-Сұлтан қ.) ескерткіш тұрғызылды. Ескерткіш қоладан құйылып, тұғыры граниттен қаланған. Биіктігі – 12 метр (мүсінші – Н. Далбаев, сәулетшісі – Қ. Жарылғанов) [4].

Осы ескерткіштерді өзара салыстырып көрсек, төменде берілген 1-кестеге сәйкес нәтижелер аламыз:

1-кесте. Ж. Жабаев ескерткіштерін салыстыру

№	Ж. Жабаев ескерткіші орнатылған қала, жылы	Ескерткіш авторы, сәулетшісі	Ескерткіш биіктігі	Жамбыл бейнесі мен киімі	Жамбылдың қимыл әрекеті
1	2	3	4	5	6
1	Тараз, 1961 ж.	Х. Наурызбаев, сәулетшісі В. Сощенко	5 м	Қазақи киімде, басында бөрігі бар, иектен түскен сақалы бар.	Сол қолында домбыра ұстап, оң қолымен айқара күшак жайып тұр.
1	2	3	4	5	6

2	Алматы, 1996 ж.	Мүсіншісі Б. Әбішев, сәулетшілері С. Баймағамбетов, С. Фазылов, Т. Ерғалиев	3 м	Қазақи киімде, ба- сында бөрігі бар, иектен түскен сақалы бар.	Сол қолында домбыра ұстап, оң қолын тізесіне қойып отыр.
3	Астана, 2008 ж.	Мүсінші: Н. Далбаев, сәулетші: Қ. Жарылғанов	12 м	Қазақи киімде, ба- сында бөрігі бар, иектен түскен сақалы бар.	Сол қолында домбыра ұстап, оң қолын жоғары көтеріп, тілек білдіріп тұр.

Кестеден байқағанымыздай, бірінші және екінші ескерткіштің жасалу мерзімі арасындағы уақыт 35 жыл, екінші және үшінші ескерткіш болса – 12 жыл. Алайда, үшеуінде де бейнеленген Жамбылдың киімі, түр-тұрпаты бірдей. Тіпті сол қолындағы домбырасы да өзгермеген. Айырмашылығы – Алматыда орналастырылған Жамбыл ескерткіші отырған қалпы бейнеленген. Әр жылдары, әр түрлі мүсіншілермен жасалған Жамбыл мүсінінде өзгеріске ұшыраған оң қолы ғана. Бірде ол халықты құрметтесе, енді бірде ойланып отырғанын немесе тілек білдіріп отырғанын бейнелейтін функцияға ие. Демек, Жамбылдың бастапқы образын қалыптастырған алғашқы автор – Х. Наурызбаев. Қалған уақыттарда аз ғана өзгеріске ұшыратып, ақынның әр психологиялық мезетін оң қолы арқылы жеткізіп отырған қалған авторлардың еншісіндегі еңбек.

Ж. Берістен: «Мүсін өнері туындылары қоршаған ортаның тұрақты факторы болғандықтан көрерменнің санасына еріксіз ықпал етіп, ойға бөлейді. Сондықтан олардың мазмұны аса мәнді, өзгеше тұрпатты көркем ой тудыратындай болуы тиіс» [5], – дей отырып мүсіннің қоғамдық орнын анықтайды. Расында, әр мүсін өз бойында ұлттық ақпаратпен қатар эстетикалық сұлулықты алып жүреді. Эстетикалық, этикалық, заманауи үдеріс нормаларын ұлттық фонда көрсету – тәуелсіз еліміздің мүсіншілерінің алдына қойған басты міндеті болуы тиіс. Ерекше атап өтетін жайт, осындай үлгі ретінде қалыптасқан мүсін туындыларын сарапқа салып, зерттеу – ұлт тарихын, этнографиясын, мәдениетін зерттеумен пара-пар екенін айтқымыз келеді. Осы орайда Х. Наурызбаев мүсіндерінің табиғатын ашу, ерекшелігін айқындау, тәлім-тәрбиелік базасын көрсету қазақ мүсін өнерінің қалыптасу жолдарын айқындауға өз септігін тигізеді.

Ағылшын этнографы Эдуард Тэйлордың (1832-1917) ұсынған, классикалық болып саналатын, «мәдениет» ұғымы 3 деңгейлі жүйені құрайды: 1) релективті: наным-сенімдер, салт-дәстүрлер; 2) өзекті: бүгінгі күн мәдениеті; 3) болашақ: жаңа ұстанымдар, жаңа идеалдар, жаңа білім. Аталған мәдениеттің үш ұғымы «Рухани мұра» түсінігін қалыптастырады. Рухани мұра – бұл бізге ата-бабаларымыздан жеткен барлық рухани байлықтар – саяси, философиялық, құқықтық және діни көзқарастар, моральдық-адамгершілік нормалар, ғылым жетістіктері, тарихи, көркем шығармалар мен өнер туындыларының кешені. Әрбір ұрпақ руханилықты қайта жасамайды, ол бар мұраға сүйенеді, жасампаздық, адамгершілік, әділеттілік тұрғысынан қабылдайды және дамытады. Осы

орайда, «Ұлт болмысындағы «даналық, тектілік, елдік, елдікті нығайтудағы ақыл-парасат, батырлық және тағы басқа рухани қасиет үлгілерінің халықпен жеке адам бойында бірігуін ұлттық рух» дейміз. Қазақ ойшылы Шәкәрім «рух дегеніміз таза ақыл» деген. Бойында ұлттық рух болмаса, ұрпақтың ішінен зиялылар қатары қалыптаспайды, қалыптасқанда емес» [6] – деп талдау жасайды Ү. Сәрсенбин өз зерттеуінде. Шындығында, ұлттық рух психологиясы мәдениеттің бір бөлшегі болып, кез келген өнерде көрініс тауып, айқындалып отырады.


Рухани құндылықтың көрсеткіші болған мүсін өнері де, А. Байтұрсынұлы саралаған өнер атаулылардың категориясына кіріп, өзіндік сипаттамаға ие өнер түрі болып табылады. Мүсін өнерінің қалыптасуы, дамуы, сыртқы факторлардың әсерімен өзгеріске түсуі – ұлттық рух феноменінің мәдени көрсеткіші болып саналады. Осы ретте, қазақ мүсін өнерінің тарихын, бастау көзін, жалғасу ұстанымдары мен даму ерекшелігін зерделеу Х. Наурызбаев шығармашылығын зерделеумен астасып жатқан құбылыс екенін атап айтқымыз келеді.

Х. Наурызбаев қоршаған әлем бейнелерін қабылдаудың даралығын, оларды өзіндік оқу және түсіну қабілетін сақтап қалды, ол өз заманында бейнелеу өнердегі эволюциялық логиканы әрдайым нәзік сезінді және оған уақытында жауап берді. Бұл оның шығармашылық дамуына және өнерін сақтап қалуына әрдайым көмектесті. Эволюциялық логиканың басты қағидасы – өзіне дейінгі жасалған еңбекті қабылдай отырып, қоғамға сай заманауи интерпретациясын ұсыну. Бұл, мәдениетті толықтай өзгерту деген сөз емес, жаңаша жеткізу, өнерді қабылдаудың өзіндік әдісін ұсыну мағынасына келеді. Мысалы, Х. Наурызбаев жасаған әйгілі Шоқан Уәлихановтың 8 метрлік мүсіні қолын иегіне қойып, ойланып тұрған Шоқан Уәлихановты бейнелейді. Алайда, Шоқан бұл мүсінде шапан немесе бөрік киіп тұрған жоқ. Патшалық Ресей кезіндегі әскери киіммен тұр. Бұл киім Шоқанды орыс немесе басқа патшалы Ресей әскеріне қойылған ескерткіш ретінде емес, қазақтың ұлы ойшылы Шоқан ретінде көрсетіп тұр. Бұл – тарихи шындықпен қатарласа келіп отырған өнердегі толеранттылық, жаңашыл интерпретация, қоғамның қабылдауына бағытталған түсінікті образ. Айтпағымыз, мүсін өнерінде тұлғаны сомдауда тарихилық принципті сақтай отырып, модернизациялау автордың өзіндік қолтаңбасын қалыптастыратын фактор. Демек, Х. Наурызбаев шығармашылығында автор қолтаңбасы мен ұлттық рух мәселесі қатар ұсталып, мүсінші шеберлігінің кәсіби биіктігін дәлелдейді.

Х. Наурызбаев өз туындыларында ұлттың ежелден келе жатқан ақпараттық қорын кодтай білді, оны заманауи келбетін көрсетті және дерексізден деректіге бағытталған зерттеулер жасады, тарихи тұлғалардың мүсінін көпшіліктің назарына ұсынды. Осы арқылы ол болашақтағы бұл өнердің дамуына жаңа жол ашты. Мысалы, Абай ескерткішін жасау барысында мүсіншінің басты кеңесшісі болып «Абай жолы» роман-эпопеясының авторы М. Әуезов тағайындалды. Мүсінші өзі күмәндана жасаған белгілі бір штрихтарды М. Әуезовпен кеңесе отырып түзеді. Сонымен қатар, мүсінші ақын образының шынайы келбетін ашу мақсатында Абайдың ауылына барып, туыстарының суреттерін салып келді. Бұл



– мүсіншінің өз кәсібiне деген жауапкершiлiктi ғана емес, сонымен қаттар ұлттық код, адам табиғатын түсiну, iздену, зерттеу деген сөз. Осыншалықты тұлғаның терең анализiнен кейiн ғана дүниеге реалды Абай мүсiнi келдi, классикалық мәдениет үлгiсi пайда болды. Жоғарыда аты аталған «Рухани мұра» түсiнiгiнiң мәдени көрiнiсiнен Абай ескерткiшi қазақ мүсiн өнерiнiң ортасынан ойып орын алды. Егер мұны 2-кестеге түсiретiн болсақ, төмендегiдей нәтижелер аламыз:



2-кесте. Рухани мұра мәнмәтiнiндегi Х. Наурызбаевтың «Абай» мүсiнi деңгейлерi

Кестеден байқағанымыздай, Х. Наурызбаев Абай мүсiнiн жасауда осы үш кезеңдi басынан өткердi. Кез келген мәдениет – жоғарғы сапалы, яғни «Рухани мұра» биiгiнен көрiне алатын деңгейге талпынады. Х. Наурызбаев туындыларындағы қай бейне болмасын, осы негiзгi үш кезеңнен өтiп, бүгiнгi күнi шынайы «Рухани мұра» биiгiне жеткен туындылар болып табылады. Расында да, Х. Наурызбаев ұсынған туындыларының қайсысы болмасын, ұлттық рух ұғымын қалыптастыратын, өзiнiң бойына сiңген табиғатымен көрермендерiн (мүсiндi тамашалаушылар) баурап алатын қасиетке ие. Оның О. Кудрявцевадан бiлiм алып жүрген кездегi алғашқы жұмыстары болып табылатын «Көкпар», «Бүркiтшi жiгiт» композицияларынан бастау алып, Шоқан, Абай, Жамбыл, Құрманғазы сынды ұлы тұлғаларды сомдаған туындылары ұлттық рухтың биiк көрсеткiшi болып табылады.

Ү. Сәрсенбин: «Қазақтың ұрпақты тұлғалыққа тәрбиелеудегi тәжiрибесiнiң бiр ғана сыры бар. Ол халықтың басын бiрiктiретiн, ұлттық рухты көтеретiн, жастарды елге жақын тәрбиелейтiн ортақ ұлттық сананың болуы. Осының нәтижесiнде тарих сынынан халқымыз сүрiнбей өткен. Бүгiнгi ұрпақ осыны ескеруi қажет. Тарихтағы қазақ зиялыларының бейнесi шынайы, таза, әдiл, ақиқатқа табанды, төзiмдi, ақылды, қабiлеттi, тектiлiгi мол, ер жүрек, ауыз бiршiлiктi, елдi қадiрлеген, ұлт iсiн қасиеттi санаған, бiлiмдi, өзiн ел мүддесiне жауапты санаған деңгейде ұлтының жадында мәңгi сақталып қала бермек. Бұл қашан да қазақ зиялыларының қалыптасу ерекшелiктерiн негiздейтiн рухани түп қазық болып қала бермек» [6], – деп тұжырымдайды. Осы тұрғыда Х. Наурызбаевтың жасаған мүсiндерi, әсiресе ұлы тұлғалардың образдары тек эстетикалық емес, сонымен

бірге гуманистік тәрбиенің қайнар көзі болып табылатыны сөзсіз. Мүсінді тамашалаушылар өз тарихы мен ұлы тұлғаларды танумен қатар, ұлттық мәдениеттің көрінісі болып табылатын мүсін өнерінің ғажайып эстетикалық ләззатын сезінеді.

«Дәстүр (лат. *traditio* – сабақтастық) – әлеуметтік-мәдени мұраның ұзақ уақыт бойына адамдар атадан балаға қалдыратын, әдетке айналған, сол қоғамның немесе әлеуметтік топтың құндылықтар жүйесі мен ережелеріне ұласқан бөлігі. Дәстүр тек мұраның нысандарын ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік мұрагерлік процесі мен оның әдіс-тәсілдерін де қосып алады. Дәстүр арқылы адамдар өткен дәуірлердегі құндылықтар туралы тек біліп қана қоймай, оның маңызды және қажетті деген элементтерін өз бойына сіңіріп, өзінің рухани мұратына, мақсатына айналдырып отырады. Осындай жағдайда ғана нағыз рухани сабақтастық болуы мүмкін. Рухани дәстүр адамды қайта түлетуі қажет» [7, 87 б.]. Біз айтқан дәстүрлі сабақтастық Х. Наурызбаевтың тарихты қайта түлететін шығармаларының дүниеге келуіне себепкер болды. Бұл ретте дәстүрлі сабақтастық пен үзілген рухани сабақтастық жолдарының қиылысуы мүсіншінің табысты әрі қиын сыннан өткен еңбегінен көрініс табады. Абай ескерткіші – тек ұлы ақынға қойылған естелік мүсін емес, қазақ тәуелсіздігінің бір көрінісі десек артық айтқанымыз емес. Себебі, Х. Наурызбаевтың Абай мүсіні орнатылғаннан кейін қарсы шығушылар, шовинистік көзқарас ұстанатындар өз келіспеушілігін білдіртіп, басшылыққа хат жолдағанын тарихи құжаттардан білеміз. Абай мүсіні – осы үзілген аралықты жалғаған көпір, дәуір жалғастығы, халықтың рухани потенциалының көрінісі болып табылады.

С.Б. Крымскийдің «Контурсы духовности» тақырыбындағы мақаласында: «Адам материалистік көзқараспен қарағанда биологиялық тіршілік иесі. Алайда оның бойында рух бар. Руханилық – бұл сыртқы болмыс универсумын тұлғаның ішкі ғаламына этикалық негізде айналдыру қабілеті, сол ішкі әлемді құрау қабілеті арқылы үнемі өзгеріп отыратын жағдайдың алдында адамның өзіне сәйкестігі мен оның еркіндігін жүзеге асыра білуі. Руханилық ақыр аяғында өзіндік мағыналық космогонияға, әлем образының тұлғаның адамгершілік заңымен бірігуіне әкеледі» [8, 14 б.], – дейді. Өзінің ғана емес, бүтіндей түркі жұртының ішкі әлемін құрай білген Х. Наурызбаев, әуелде Абайдың келбеттік мүсінін жасап, Қазақ опера және балет театрына 1954 жылы тарту етті. Бұл келбеттік мүсін М. Әуезовке ұнап, жақсы пікірлер мен лебіздерге қанық болды. Содан кейін ғана бірқатар жасаған ізденістері мен М. Әуезовтің айтқан ақылын ескере отырып, дүниеге Абай мүсіні келді. Бұл ретте Крымскийдің айтқан «тұлғаның ішкі ғаламын» барынша зерттеген Х. Наурызбаевтың еңбегін сөзсіз бағаламай кетуге болмайды.

Мүсін өнері мәдени сұранысты ғана өтемейді, сонымен қатар эстетикалық және рухани механизмдерді іс жүзіне асыратын күшке ие. Эстетика ұғымының астарында дүниені қабылдаудың белгілі бір форматы ғана емес, тәрбиелеудің аса маңызды концептісі сөз етіліп отыр. Тәрбие ұғымы өз алдына саяси, мәдени,

әлеуметтік сипатқа ие ұғым екенін ескерсек, мүсін өнері ұлт тәрбиесі мен бүтіндей бір елдің өмір сүру қағидаларын айқын бейнелейтін өнердің түрі, басты құралы екенін аңғару қиын емес. Осыған орай, отандық заманауи монументалды мүсін қазақтың тұңғыш кәсіби мүсіншісі Хакімжан Наурызбаев шығармашылығымен тікелей байланысты. Себебі, кәсіби қазақ мүсін өнерінің көші Х. Наурызбаев есімінен бастау алып, бүгінгі күні өзге елдердегі мүсіншілермен иық тіресетін деңгейдегі мүсіншілермен жалғасып жатыр.

Қорытындылай келе, Х. Наурызбаевтың туындылары Қазақстандағы алғашқы монументалды ескерткіштердің бірі болып, отандық классикалық өнер мұрасына айналды деп айтуға болады. Себебі, бүгінгі жаһандану дәуірінде әлемдік мәдениеттің көптеген ағымдары әсерімен отандық мүсін өнерінде де заманауи беталыстар болып жатқаны белгілі. XX ғасырда академиялық мүсін өнері кеңінен дамыса, XXI ғасыр басындағы әртүрлі жаңа бағыттар, соның ішінде, стимпанк, кинетикалық мүсін, көркемдік инсталляциялар, паблик-арт пен стрит-арт сияқты арт-шаралар халықаралық фестивальдар мен симпозиумдар шеңберінде ұйымдастырылып өткізілуде. Бұл жаңалықтар отандық көрерменге өзінің жаңашылдығымен қызықты әрі жұмбақты болып жатыр. Дегенмен, 2014 жылы жарияланған мемлекеттік «Мәдени саясат тұжырымдамасында» белгілеп көрсетілгендей: «...жастарымыз шетелдік құндылықтарға бой ұрып еліктеушілік басым болуда. Нәтижесінде, ұлттық руханилықтың таяздануы ерекше байқалады» [9] – делінгені артық емес. Әрине, Қазақстанның кеңестік дәуірі мен тәуелсіздік кезеңінде көптеген ұлттық қаһармандар мен тарихи оқиғаларға арналған мүсіндік ескерткіштер мен монументалды кешендер тұрғызылды. Басым көпшілігі олардың кәсіби мүсіншілердің арқасында сапалы өнер нысандарына айналды. Атап айтсақ: «Т. Досмағамбетов, Б. Тулеков, А. Татаринев, М. Рапопорт, Е. Мергенов, Б. Абишев, М. Айнеков, Б. Досжанов, Е. Сергебаев, В. Рахманов, М. Жунисбаев, К. Суранчиев, Ө. Шанов, Б. Жанболатов, С. Нурсапаев, К. Какимов, Ж. Молдабаев, Р. Ахметов, Е. Молданиязов, А. Жумабай, М. Мансуров, Т. Ермеков, К. Сатыбалдин, Б. Кусаинов, Ғ. Ахметов, Д. Досмағамбетов, Н. Исабаев, К. Дулатов, А. Молдабаев, Н. Қалиев, Ж. Жұбанқосов және т.б. отандық мүсіншілердің шығармашылық туындылары» [10, 29 б.]. Десек те, соңғы жылдары сынға шыдамайтын сапасыз мүсіндік ескерткіштер пайда болуы жиі кездесе бастағанын интернет желісінен де байқауға болады. Және де, кез келген ескерткіштердің ресми ашылу рәсімінде орындаған мүсіншінің аты-жөні айтылмағандықтан, бұқаралық ақпараттардың жаңалықтар беттерінде жазылмауы, автордың белгісіз болып қала беруі әдетке айналды. Сол себепті, сапалы мүсін үлгісі ретінде XX ғасырда ұлттық қайраткерлерге орнатылған, бірақ өкінішке орай, ұмытыла бастаған мүсіндік ескерткіштерді, әсіресе қазақтың тұңғыш кәсіби мүсіншісі Х. Наурызбаевтың туындыларын жаһандану тұрғысынан жаңаша көзқараспен насихаттау қажет деп санаймыз. Және де, оның отандық жоғары кәсіби мүсін мектебінің қалыптастып дамуына қосқан үлесі де өте зор. Заманауи қоғам қазақ халқының тұңғыш суретшісі Әбілхан Қастеев деп білсе, қазақтың тұңғыш кәсіби мүсіншісі Хакимжан Наурызбаев деп кеңінен таныстырып, ұмытыла бастаған ортаға есіне түсіру артық болмас. Сол арқылы қазақ

халқының әлемдік мәдениет қазынасы дамуына қосқан үлесін ұлғайту жолында дүниежүзілік деңгейде дәріптей беруіміз абзал.

Мүсін өнерінде өзіндік қолтаңба қалдырған Х. Наурызбаев шәкірт тәрбиелеу мен олардың шығармашылығын шыңдауда біршама еңбек еткенінің арқасында бүгінгі мүсін өнері кәсіби шеберлермен толығу үстінде. Мүсін өнері ғана емес, ұлт ұстазына құрмет көрсету мақсатында бүгінгі күні ұлттық мүсін өнерінің негізін қалаушы Х. Наурызбаевқа мүсін қондырылып, мектеп аты берілді. Нақты айтсақ, Алматы қаласының Алатау ауданындағы бір даңғылға Х. Наурызбаев есімі берілген. Көп шәкірттерінің бірі, белгілі мүсінші, ҚР мәдениет қайраткері Т. Бинашевтың орындалуымен әйгілі мүсіншінің туған өңірі Қостанай қаласында 2019 жылы Хакімжан Наурызбаевтың бюсттік ескерткіші орнатылып ашылған. Сонымен қатар, Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының мүсіншілер шеберханасына Х. Наурызбаевқа арнап тақта орнатылады, және де, ҚР Орталық мемлекеттік архивпен біріге отырып мұрағаттың басшысы мен ғылыми қызметкерлері қолдауымен жаңа альбомы шығарылу үстінде. Х. Наурызбаев шәкірттері мен ізбасарлары осындай іс-шараларды ағымдағы 2020 жылы Абай Құнанбайұлының 175-жылдығы мен Хакімжан Наурызбаевтың туылғанына 95-жыл толуына орай ұйымдастыруда.

#### Әдебиеттер:

1. Қазақстан бейнелеу өнері. XX ғасыр = Изобразительное искусство Казахстана. XX век: Фотоальбом / [Текст] К.В. Лу; Аударған Д.Т. Базарбаева; Фот. А.Н. Рипинский. – Алматы: Атамұра: ChevronTexaco, 2001. – 330 с.
2. Н.А. Назарбаев: Ұлы даланың жеті қыры. 21.11.2018 ж. <https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanynh-zheti-qyry>
3. Хакімжан Наурызбаев. Қазақстан бейнелеу өнерінің шеберлері: альбом / құраст. Г.Ш. Елеуенова. – Алма-Ата: Өнер, 1987. – 103 б.
4. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия, Бас. ред. Ә. Нысанбаев. – 7-том. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2005. – 728 б.
5. Берістен Ж. Қадырхан қолтаңбасы// Ана тілі газеті. 24.08.2017 ж. / <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=44417>.
6. Сәрсембин Ү. Ұлттық рух және ұлттық интеллигенция немесе қазақ зиялылары қандай болуы қажет? – Алматы: «Ақиқат» журналы, 19.04.2018, <http://aqiqat.kazgazeta.kz/?p=9213>.
7. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 344 б.
8. Крымский С.Б. Контуры духовности: Новые контексты индивидуальности// «Вопросы философии». – 1999. – №12.
9. «Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасы» ҚР Президентінің 04.11.2014 ж. № 939 Жарлығы. - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000939>.
10. Кайранов Е., Рахымбеков О., Жунисбаев М., Асылбай К. «Тәуелсіздік кезеңінің ұлттық мүсін өнері дамуындағы Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының рөлі мен орны»// «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми-көпшілік журналы. – Астана, 2018. – № 4(60). – 28-33 бб.

*В статье изучается преемственность национального духа в современной монументальной скульптуре Казахстана путем анализа памятников первого казахского профессионального скульптора Х. Наурызбаева, установленных в общественной среде второй половины XX века. Анализируется подлинная национальная идентичность исторических деятелей в памятниках известного скульптора, основателя отечественной монументальной скульптуры, послужившая канонической моделью для скульпторов следующего поколения. В том числе, путем проведения сравнений монументальных памятников Х. Наурызбаева и других отечественных скульпторов, посвященных таким выдающимся личностям, как Абай Кунанбаев и Жамбыл Жабаев определяется подлинный характер художественных образов. Статья приурочена к 175-летнему юбилею Абая Кунанбаева и посвящена 95-летию со дня рождения Х. Наурызбаева, автора первого монументального памятника великому поэту.*

**Ключевые слова:** *первый казахский профессиональный скульптор, монументальная скульптура, национальный дух, преемственность, исторические личности, творческое произведение, памятник.*

*The article studies the continuity of the national spirit in modern monumental sculpture of Kazakhstan by analyzing the monuments of the first Kazakh professional sculptor H. Nauryzbaev, established in the public environment of the second half of the twentieth century. The true national identity of historical figures in the monuments of the famous sculptor, the founder of domestic monumental sculpture, is analyzed, which served as the canonical model for the next generation of sculptors. Including, through comparisons of the monumental sculptures of H. Nauryzbaev and other domestic sculptors dedicated to such outstanding personalities as Abay Kunanbayev and Zhambyl Zhabaev, the true character of artistic images is determined. The article is dedicated to the 175th anniversary of Abay Kunanbaev and is dedicated to the 95th anniversary of the birth of H. Nauryzbaev, the author of the first monumental sculpture to the great poet.*

**Key words:** *The first Kazakh professional sculptor, monumental sculpture, national spirit, continuity, historical figures, creative work, monument.*